



БЕКІТЕМІН
Х.Капанов атындағы ОХГ директоры
А.Ж.Усманова
Педагогикалық кеңес № 1. 29.08.2025 ж.

«Х.Капанов атындағы ОХГ»
2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары

№1 педагогикалық кеңестің күн тәртібі:

Өткізген күні: 28 тамыз 2025 жыл

Қатысқан: 11 педагог

Қатыспаған: жоқ

Педкеңес төрайымы: Усманова А.Ж.

Хатшы: Машекенова Ә.Ш.

Күн тәртібінде:

1. Балабақша меңгерушісі А.Ж. Усманованың алғы сөзі. Жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау. Күн тәртібімен таныстыру

Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау. Үлгілік оқу баяндамасындағы өзгерістерді талқылау, нормативтік құжаттармен, МДҰ даму жоспарымен, 2025-2026 оқу жылына арналған МДҰ арналған ӘНХ таныстыру.

Балабақша меңгерушісі Усманова А.Ж.

2. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін бекіту. Кадрларды топтар бойынша бөлу. Балабақшаның балалар тізімін бекіту. Ата-аналар жиналыстарының тақырыбын бекіту. 1 қыркүйек «Білім күніне» дайындық барысы.

Әдіскер Машекенова Ә.Ш.

5. Әртүрлі мәселелер

Балабақша меңгерушісі Усманова А.Ж.

1. Балабақша меңгерушісі Усманова А.Ж. сөз сөйлеп, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, ұжымға шығармашылық шабыт, сәттілік тіледі. Күн тәртібімен таныстырды. Алғашқы педагогикалық кеңес дәстүрлі түрде өтті.

Балабақша меңгерушісі Усманова А.Ж. жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстырды. Бөбекжайдың жылдық тақырыбы мен мақсат-міндеттерін айтты. Балабақша миссиясы - білім беру мен шығармашылықты үйлестіре отырып, жаңа идеяларға ашық, сыни ойлай алатын, белсенді әрі жан-жақты дамыған тұлғаларды тәрбиелеу

Үлгілік оқу бағдарламасындағы өзгерістер туралы айтты. Нормативтік құжаттармен, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен, МДҰ даму жоспарымен, 2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі ұйымдарға арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың жеке даму карталары мен мониторингтің жазылу үлгілерін көрсетті.

2. Балабақша меңгерушісі Усманова А.Ж. ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін бекітіп, әдіскер Машекенова Ә.Ш. кестедегі өзгерістер туралы айтып, әр топтың тәрбиешілеріне, мамандарға таратып берді. Балабақшаның балалар тізімін бекіттірді. Кадрларды топтар бойынша бөлу, ата-аналар жиналысының тақырыптары да талқыға салынып, бекітілді. 1 қыркүйек «Білім күніне» дайындық барысы талқыланды.

5. Балабақша меңгерушісі Усманова А.Ж. сөз алып, әр түрлі мәселелер қозғады (ішкі тәртіп, сыйластық, т.б.)

Педагогикалық кеңес шешімін шығарды.

Қаулы:

1. Бекітілген күн тәртібі, жылдық жоспар, ҰІӨ-тер кестесі бойынша жұмыстар жасалсын.
2. Ата-аналар жиналысы бекітілген тақырыптар негізінде өткізілсін.
3. Бөбекжай ішіндегі тәртіп сақталсын.

Педкеңес төрайымы:  Усманова А.Ж.

Хатшы:  Машекенова Ә.Ш.

